

# Менің өлкем



Зайсандағы атыс: Екі күдікті анықталды

**3-бет**



Өнерде де, өмірде де жұбы жазылмаған

**5-бет**



Қазақстан ауылында мәдениет саласы тұралап тұрма?

**6-бет**

## Қауырт жұмысқа бөлінген қомақты қаржы

**4-бет**

### ШҚО-да биыл 7 мектептің құрылысы аяқталады

**Менің ӨЛКЕМ**



газетіне барлық "Қазпошта" АҚ бөлімшелерінде 2026 жылға жазылу жалғасуда

Индекс	Жазылушылар санаты	1 айға	3 айға	6 айға	8 айға
19044	Жеке тұлғалар үшін	825 тг	2475 тг	4949 тг	6600 тг
19045	Заңды тұлғалар үшін			7972 тг	10629 тг

Редакцияға келіп газеттің әр санын сатып алуға болады. Бағасы 250 тг



## Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша түсімдерді бюджет жүйесінің 3-ші және 4-ші деңгейдегі бюджеттеріне есептеуге қатысты

Шығыс Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті Салық кодексінің нормаларын біркелкі қолдану мақсатында мынаны мәліметке жеткізеді.

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Бюджет кодексінің нормаларымен жергілікті бюджеттердің қаржылық дербестігін кезең-кезеңімен арттыру шеңберінде кең таралған пайдалы қазбаларға, жер асты суларына және емдік балшықтарға салынатын пайдалы қазбаларды өндіру салық (бұдан әрі – КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС) түсімдерін бюджет жүйесінің 3-ші (аудандық, облыстық маңызы бар қала) және 4-ші (аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ) деңгейдегі бюджеттеріне есептеу көзделген.

Осыған байланысты, "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Респу-

бликасы Ұлттық қорының, салықтық емес төлемдер есебінен қалыптастырылатын бюджеттен тыс қорлардың қолма-қол ақшаны бақылау шоттары және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 152 бұйрығымен 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС 105310 БКК-на есептеледі.

Сонымен қатар, 2025 жылғы 18 шілдедегі Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 788 және 789-баптарына сәйкес салық төлеуші салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 25-інен кешіктірмей орналасқан жері бойынша есептелген салық сомасын бюджетке төлеуге және салық кезеңінен кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей орналасқан

жері бойынша салық органына декларация тапсыруға міндетті.

Бұл ретте Салық кодексінің 11-бабы 4) тармақшасына сәйкес резидент заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшесінің, бейрезидент заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесінің орналасқан жері – Қазақстан Республикасында тіркелу кезінде Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілген оның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері.

Осыған байланысты, қайшылықтарды болдырмау мақсатында аталған мәселе 2026 жылғы 3 наурызда жаңа Салық кодексінің енгізу жөніндегі Жобалық кеңесінің отырысында қаралды, оның шеңберінде КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС-ты салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша төлеу бөлігінде

Салық кодексіне ретроспективті түзетулер енгізу туралы шешім қабылданды.

Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, Салық кодексіне тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін мыналарды басшылыққа алу қажет:

1) КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС бойынша 2025 жылдың 4-тоқсанына арналған декларацияны жер қойнауын пайдаланушы заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша салық органына ұсынады (105306 БКК-на тәлей отырып);

2) 2026 жылғы салық кезеңдері үшін КТПҚ, ЖАС және ЕБ ПҚӨС бойынша декларацияны жер қойнауын пайдаланушы салық салу объектісінің орналасқан жері бойынша салық органына ұсынады (105310 БКК-на тәлей отырып).

## Балалардағы созылмалы гастриттің алдын алу тәсілдері

Балалардағы созылмалы гастрит – асқазанның шырышты қабығының ұзақ уақыт қабынуымен сипатталатын кең таралған аурулардың бірі. Бұл патологияның дамуына әртүрлі факторлар әсер етеді және ол көбінесе балалық шақта басталып, уақыт өте келе созылмалы түрге ауысуы мүмкін. Аурудың негізгі себептерінің бірі – *Helicobacter pylori* инфекциясы. Бұл бактерия асқазанның шырышты қабатын зақымдап, қабыну процесін туындатады. Сонымен қатар дұрыс тамақтанбау, атап айтқанда фастфудты, майлы және ащы тағамдарды жиі тұтыну, тамақтану режимінің бұзылуы да гастриттің дамуына ықпал етеді. Баланың психосоциалдық жағдайы да маңызды рөл атқарады: күйзеліс, оқу жүктемесінің артуы және ұйқының жеткіліксіздігі асқазан қызметінің бұзылуына әкеледі. Бұдан бөлек, дәрі-дәрмектерді бақылаусыз қолдану, тұқым қуалаушылық және иммунитеттің төмендеуі де қауіп факторлары болып табылады.

*Helicobacter pylori* инфекциясы бүкіл әлемде кең таралған. Әсіресе әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен аймақтарда, санитарлық жағдайдың жеткіліксіздігі, таза ауыз судың болмауы және адамдардың тығыз орналасуы инфекцияның таралуына ықпал етеді. Балалар арасында бұл инфекция жиі ерте жаста, көбінесе 10 жасқа дейін, ал кейбір жағдайларда 3 жасқа дейін жұғады. Инфекция көбіне тұрмыстық жолмен – лас қол, ортақ ыдыс немесе жет-

кіліксіз өңделген тағам арқылы беріледі.

Созылмалы гастриттің клиникалық белгілері әртүрлі болуы мүмкін. Негізгі симптомдарға іштің жоғарғы бөлігіндегі ауырсыну, әсіресе тамақтан кейін немесе аш қарында пайда болатын ауырсыну жатады. Сонымен қатар жүрек айну, құсу, қыжыл, кекіру, ауызда жағымсыз дәм сияқты диспепсиялық белгілер байқалады. Көптеген балаларда төбеттің төмендеуі, іштің кебуі, іш қату немесе іш өту кездеседі. Ұзақ уақыт бойы ауру жалғасқан жағдайда әлсіздік, тез шаршау, ашушандық, дене салмағының төмендеуі және витамин жетіспеушілігі байқалуы мүмкін.

Ауруды диагностикалау үшін дәрігерлік тексеру және арнайы зерттеу әдістері қолданылады. Олардың ішінде асқазанды эндоскопиялық зерттеу (ФГДС) және *Helicobacter pylori* инфекциясын анықтау маңызды орын алады. Балаларда бұл инфекцияны анықтау, емдеу және бақылау тәсілдері ересектерге қарағанда ерекшеленеді, өйткені балаларда асқынулар сирек кездеседі.

Емдеу кешенді түрде жүргізіледі. Оның негізгі бағыттарына дұрыс тамақтану режимін сақтау, диета ұстану, дәрігер тағайындаған дәрілерді қабылдау және қажет болған жағдайда *Helicobacter pylori*-ге қарсы арнайы терапия жүргізу жатады. Сонымен қатар баланың күн тәртібін қалыптастыру, жеткілікті ұйқы және күйзелісті азайту маңызды.

Алдын алу шаралары созылмалы

гастриттің дамуын болдырмауда шешуші рөл атқарады. Жеке бас гигиенасын сақтау, қолды жиі жуу, қауіпсіз тағам мен суды пайдалану, ортақ ыдысты қолданбау инфекцияның алдын алуға көмектеседі. Сонымен қатар дұрыс және теңгерімді тамақтану, физикалық белсенділік, иммунитетті күшейту және дәрігерге уақтылы қаралу да маңызды.

Балалардағы созылмалы гастриттің алдын алу кешенді тәсілді қажет етеді. Ең бастысы – дұрыс тамақтану. Баланы күнделікті тұрақты уақытта тамақтандыру, фастфуд, ащы, майлы тағамдар мен газдалған сусындарды шектеу маңызды. Рационға көкөністер, жемістер, ботқа және қышқыл сүт өнімдерін жеткілікті мөлшерде қосу керек. Өте ыстық немесе өте суық тағамдарды тұтынбауға да көңіл бөлу қажет.

Жеке бас гигиенасын сақтау да алдын алуға шешуші рөл атқарады. Балаларға қолды сабынмен жиі жуу, тырнақты таза ұстау сияқты әдеттерді ерте жастан үйрету керек. Сонымен қатар, су мен тағамның қауіпсіздігіне мән беру қажет: тек қайнатылған немесе тазартылған суды ішу, жеміс-жидек пен көкөністерді мұқият жуу және тағамды толық пісіру өте маңызды.

Психологиялық факторлар да балалардағы гастриттің дамуына әсер етеді. Сондықтан баланың психологиялық жай-күйін қолдау, жеткілікті ұйқыны қамтамасыз ету және оқу мен демалысты дұрыс үйлестіру қажет.

Дәрі-дәрмекті бақылаусыз қолданбау да

маңызды. Дәрігердің кеңесінсіз дәрі-дәрмек бермеу, ауырсынуды басатын немесе қабынуға қарсы препараттарды жиі қолданбау керек.

Медициналық бақылау алдын алуда маңызды рөл атқарады. Егер баланың асқазанға қатысты шағымдары болса, дер кезінде дәрігерге қаралу қажет. Сонымен қатар, *Helicobacter pylori* инфекциясын ерте анықтау және емдеу де алдын алудың негізгі шараларының бірі болып табылады.

Отбасылық алдын алу шаралары да маңызды: ортақ ыдыс пен қасықты қолданбау, және отбасы мүшелерінің арасында *H. pylori* инфекциясы бар болса, барлық мүшелерін тексеру қажет.

Осы кешенді шараларды сақтау балалардағы созылмалы гастриттің дамуын болдырмай, асқазанның саулығын қамтамасыз етеді және жалпы денсаулыққа оң әсер етеді.

Қорытындылай келе, балалардағы созылмалы гастрит – көпфакторлы ауру. Оның алдын алу, ерте анықтау және дұрыс емдеу баланың денсаулығын сақтауға, асқынулардың алдын алуға және өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

Темирханова Р.Б., Мукажанова А.К.,  
Абылгазинова А.Ж.

"Семей медицина университеті"  
КеАҚ, Жалпы дәрігерлік тәжірибе  
кафедрасы, Өскемен қаласы

## Құрметті тұрғындар!

**21.05.2026 ж. сағат 10:00-де** Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Предгорное ауылы, Ленин көшесі, 21 мекенжайы бойынша Красноярское ауылдық округі әкімдігінің ғимаратында "Altyn Shyghys" ЖШС-нің май экстракция зауытының өнеркәсіптік объектілеріне Әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтеді.

**Әсер ету аумағы:** Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Красноярский а/о, Предгорное ауылы.

**Учаскенің бұрыштық нүктелерінің координаттары:** 1. 50°16'20.89"СЕ, 82°15'59.20"ШБ; 2. 50°16'23.47"СЕ, 82°15'52.55"ШБ; 3. 50°16'23.44"СЕ, 82°15'50.59"ШБ; 4. 50°16'21.85"СЕ, 82°15'48.45"ШБ; 5. 50°16'20.91"СЕ, 82°15'41.99"ШБ; 6. 50°16'18.90"СЕ, 82°15'41.42"ШБ; 7. 50°16'18.07"СЕ, 82°15'38.10"ШБ; 8. 50°16'3.31"СЕ, 82°15'41.35"ШБ; 9. 50°16'3.58"СЕ, 82°15'44.92"ШБ; 10. 50°16'6.25"СЕ, 82°15'44.49"ШБ; 11. 50°16'6.66"СЕ, 82°15'47.76"ШБ; 12. 50°16'7.02"СЕ, 82°15'47.74"ШБ; 13. 50°16'7.41"СЕ, 82°15'49.48"ШБ; 14. 50°16'8.52"СЕ, 82°15'49.10"ШБ; 15. 50°16'11.00"СЕ, 82°15'57.52"ШБ; 16. 50°16'12.40"СЕ, 82°15'59.84"ШБ.

Қатысушыларды тіркеу 1 сағат бұрын, жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Тұрақты интернет байланысы болған жағдайда Zoom платформасы арқылы бейнеконференция (БКС) форматында қоғамдық тыңдауларға қосылуға болады. Төтенше жағдай немесе шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда, аталған қоғамдық тыңдаулар тек онлайн-форматта өткізілетін болады.

**Конференцияға қатысу үшін төмендегі сілтеме арқылы өту қажет:**  
<https://us05web.zoom.us/j/87503035550?pwd=WO1Jx3HfoT9B5lOxDuecrsyAWCNaVY.1>

**Конференция сәйкестендіргіші:** 875 0303 5550

**Күпиясөз:** 5Bx87M

**Бастамашы:** "Altyn Shyghys" ЖШС-і (БСН 190140000545). Шығыс Қазақстан облысы, Глубокое ауданы, Красноярский ауылдық округі, 070500, Предгорное ауылы, Главная көшесі, 29, тел. 8-(7232)-49-25-56, e-mail: altyn.info@omnimap.org.

**Материалдарды әзірлеуші:** Асанов Д.А., Шығыс Қазақстан облысы, 070010, Өскемен қаласы, Карбышев көшесі, 40-163, тел. 8-777-148-53-39, e-mail: assanovd87@mail.ru.

**Жергілікті атқарушы орган:** "Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-сі, Өскемен қаласы, Б. Керімбаев көшесі, 19, тел. 8-(7232)25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>.

Жобалық құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай мемлекеттік жүйесінде және ЖАО сайтының <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk> "Қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде орналастырылған.

Мүдделі жұртшылықтың ескертулері мен ұсыныстары қоғамдық тыңдаулар өтетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей "Шығыс Қазақстан табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" ММ-сінің d.babakanova@akimvko.gov.kz поштасына немесе ҚОТРМБМЖ қабылданады.

Қосымша ақпаратты assanovd87@mail.ru, anna.dmitriyeva@omnimap.org электронды пошталары және 8 (7232)25-70-82, 8-777-148-53-39 телефондары арқылы алуға болады.

## Уважаемые жители!

**21.05.2026 года в 10:00 часов** в здании акимата Красноярского сельского округа по адресу: Восточно-Казахстанская область, Глубоковский район, с. Предгорное, ул. Ленина, 21 пройдут общественные слушания в форме открытого собрания по материалам для получения Экологического разрешения на возведение для промышленных объектов ма-слоэкстракционного завода ТОО "Altyn Shyghys".

**Территория воздействия:** Восточно-Казахстанская область, Глубоковский район, Красноярский с.о., с.Предгорное.

**Координаты угловых точек участка:** 1. 50°16'20.89"С, 82°15'59.20"В; 2. 50°16'23.47"С, 82°15'52.55"В; 3. 50°16'23.44"С, 82°15'50.59"В; 4. 50°16'21.85"С, 82°15'48.45"В; 5. 50°16'20.91"С, 82°15'41.99"В; 6. 50°16'18.90"С, 82°15'41.42"В; 7. 50°16'18.07"С, 82°15'38.10"В; 8. 50°16'3.31"С, 82°15'41.35"В; 9. 50°16'3.58"С, 82°15'44.92"В; 10. 50°16'6.25"С, 82°15'44.49"В; 11. 50°16'6.66"С, 82°15'47.76"В; 12. 50°16'7.02"С, 82°15'47.74"В; 13. 50°16'7.41"С, 82°15'49.48"В; 14. 50°16'8.52"С, 82°15'49.10"В; 15. 50°16'11.00"С, 82°15'57.52"В; 16. 50°16'12.40"С, 82°15'59.84"В.

Регистрация участников ведется за 1 час при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

При наличии стабильного интернет-соединения доступно подключение на общественные слушания в формате видеоконференции (ВКС) посредством платформы Zoom. В случае введения чрезвычайного положения или ограничительных мероприятий, в том числе карантина данные общественные слушания будут проведены только в онлайн-формате.

**Для участия в слушаниях необходимо пройти по ссылке:**  
<https://us05web.zoom.us/j/87503035550?pwd=WO1Jx3HfoT9B5lOxDuecrsyAWCNaVY.1>

**Идентификатор конференции:** 875 0303 5550

**Код доступа:** 5Bx87M

**Инициатор:** ТОО "Altyn Shyghys" (БИН 190140000545), Восточно-Казахстанская область, Глубоковский район, Красноярский сельский округ, 070500, с. Предгорное, ул. Главная, 29, тел. 8-(7232)-49-25-56, e-mail: altyn.info@omnimap.org.

**Разработчик материалов:** Асанов Д.А., Восточно-Казахстанская область, 070010, г. Усть-Каменогорск, ул. Карбышева, 40-163, тел. 8-777-148-53-39, e-mail: assanovd87@mail.ru.

**Местный исполнительный орган:** ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области", г. Усть-Каменогорск, ул. Б. Керимбаева, 19, тел. 8 (7232)25-70-82, d.babakanova@akimvko.gov.kz, <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=ru>.


Документация по проекту размещена в Национальном банке данных о состоянии окружающей среды <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/vko-tabigat?lang=kk>, в разделе "Общественные слушания".

Замечания и предложения заинтересованной общественности принимаются не позднее 3-х рабочих дней до даты общественных слушаний в НБДООС либо по почту ГУ "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Восточно-Казахстанской области", d.babakanova@akimvko.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по эл.адресам assanovd87@mail.ru, anna.dmitriyeva@omnimap.org и номерам телефона: 8 (7232)25-70-82, 8-777-148-53-39.

**Стереограмма**

Суретті көзіңізге өте жақын ұстаңыз. Бейненің бөлшектеріне бірден зер салып қараудың қажеті жоқ. Өзіңізді өте алыстағы жұлдыздарға қарап отырғандай сезініз. Мүмкіндігінше суреттің нақты өзіне зер салмай, көз қиығыңызбен қараңыз. Енді суретті көзіңізден шамамен 15-20 см. аралықта болғанша алыстатыңыз. Сол кезде көзіңіздің бұлшық еттері босаңсып, сурет бетінен өзге бір әлемді көргендей боласыз. Іске сәт!



17 - 23 сәуір аралығына арналған геомагниттік болжам

17 – 19 сәуір аралығында адамның көңіл күйіне әсер ететін геомагниттік толқындардың әсері азайып, жағдай бірқалыпты болады.

20 – 23 сәуір аралығында магниттік дауыл соғады.

**Жұлдыз-жорамал**

20 - 26 сәуір аралығына арналған

**Тоқты (21.03-20.04)**



Тоқтылар бұл аптаны отбасыларының ортасында өткізеді. Тұрмыстық заттар сатып алып, үйіңізге аз-кем өзгеріс енгізуге тырысасыз. Иә, қазір артық-ауыз дүниелерден құтылып, жаңашылдыққа ұмтылатын сәт.

**Торпақ (21.04-21.05)**



Бірнәрсеге алаңдап, күнде таңертең мазаңыз болмай тұрады. Тамақтану мезіріңізден майлы, тәтті тағамдарды мүлде алып тастағаныңыз дұрыс. Бәлкім, сол кезде өзіңізді әлдеқайда жақсы сезінесіз.

**Егіздер (21.05-21.06)**



Неге екені белгісіз, сәуір аяқталуға жақындағанда көңілшек бола бастайсыз. Мұны жағымсыз қылық деуге келмес, қайта әлдекімдер үшін жүрегі жылы, қайырымды жан болып көрінуіңіз мүмкін.

**Шаян (22.06-22.07)**



Шаяндарға ұнатқан адамы өзгенің құшағында кетпес үшін "шайқас" жүргізу қажеттілігі туындайды. Істің реті соған келсе бір қадам да артқа шегінбеңіз. Не нәрсе болсын сізге оңайлықпен келмейтінін ескеріңіз.

**Арыстан (23.07-23.08)**



Тыныштықты жаны сүйетін Арыстандар үшін апта ортасында күтпеген кездесулер шығып, бір сәт шулы адамдармен пікір алмастыруға тура келеді. Тіпті демалыс күндері де алма-кезек қоңырау шалғандар әралуан сұрақтарымен мазаңызды алуы ғажап емес.

**Бикеш (24.08-23.09)**



Жақындарыңызбен сөзге келмей қалуыңыз мүмкін. Мұның бір себебі – көзқарасыңыздың бір арнаға тоғыспауы. Кей сәттерде "қашан келін әкелесің?" деп те сауал тастайды. Дұрысы, екінші сауалға тезірек жауап беруге тырысыңыз.

**Таразы (24.09-23.10)**



Жалпы, Таразылар табиғатынан томаға тұйық, сыртқа сырын аша бермейді. Мұны әріптестеріңіз еркелікке балап, одан әрі қалжыңдай түссе, өзгелер үшін бұл мінезіңіз өзімішлдік болып көрінеді. Не де болса, өзгеруге тырыспаңыз.

**Сарышаян (24.10-22.11)**



Аяғыңызды аңдап басып, ақша жағына келгенде тіптен жинақылық танытуыңыз керек. Сыртыңыздан сөз тасып, сүрінген сәтіңізді асыға күтіп жүргендер аз емес. Сол себепті ұжымда сақтық, көпшілік арасында қырағылық танытқаныңыз жөн.

**Мерген (23.11-21.12)**



Мергендер үшін апта ортасы жағымды жаңалықтарға толы болмақ. Айналаңызға топтасатын адамдардың барлығы шын жүректен қолдап, тілеулестік танытатын жандар болмақ. Жұдырықтай жұмылып, бар қиындықты еңсеруге мүмкіндік аласыз.

**Тауешкі (22.12-20.01)**



Тауешкілердің кейбір қадамы көпшілікті таңқалдырмай қоймайды. Құдды күнде демалыс жарияланғандай, арқаны кеңге салумен жүреді. Не де болса апта соңына қарай күш-қуатыңызды жинап, күрделі тапсырмалар орындауға әзір болыңыз.

**Сүқұйғыш (21.01-19.02)**



Бұл өмірде сіз үшін өмірлік серіңіздің алар орны ерекше. Жұмыстан келген бойда жылы сөздеріңізді жаудырып, қуаныш сыйлауға асық боласыз. Күндердің бір күні жарыңыз сізге де осы іспетті тосынсыз жасауы мүмкін.

**Балықтар (20.02-20.03)**



Әрбір адамның айтқан ақылына құлақ асамын деп дұрыс бағыттан ауытқып жүрмеңіз. Кей сәттерде өз бетіңізше шешім қабылдап, батылдық таныту қажет. Демалыс күндері достарыңызбен жолығып, көңіл сергітіп, бойжазып қайтқаныңыз ләзім.

**Ауа райы**

Елді мекендер	17 сәуір, жұма	18 сәуір, сенбі	19 сәуір, жексенбі	20 сәуір, дүйсенбі	21 сәуір, сейсенбі	22 сәуір, сәрсенбі	23 сәуір, бейсенбі
<b>Өскемен</b>	+7+9 0-2 с 8 м/с	+7+9 -1-3 с 5 м/с	+10+12 +2+4 с 4 м/с	+7+9 -1-3 с 6 м/с	+7+9 -3-5 о-б 5 м/с	+9+11 -3-5 о-б 7 м/с	+10+12 -1-3 о 6 м/с
<b>Глубокое</b>	+4+6 0-2 ш 9 м/с	+8+10 -2-4 б 5 м/с	+11+13 +2+4 о-б 5 м/с	+6+8 -1-3 ш 7 м/с	+7+9 -3-5 ш 6 м/с	+9+11 -2-4 ш 8 м/с	+11+13 -1-3 о 7 м/с
<b>Күршім</b>	+6+8 +2+4 б 9 м/с	+8+10 -1-3 с 6 м/с	+15+17 -1-3 с-б 6 м/с	+14+16 +1+3 б 5 м/с	+10+12 0-2 о-б 5 м/с	+13+15 -2-4 с 6 м/с	+15+17 0-2 о-б 6 м/с
<b>Зайсан</b>	+11+13 +3+5 с 14 м/с	+5+7 +1+3 с 10 м/с	+12+14 +2+4 о-б 7 м/с	+11+13 +5+7 о 5 м/с	+6+8 +4+6 с-б 10 м/с	+9+11 +2+4 с-б 5 м/с	+11+13 +2+4 о-б 6 м/с
<b>Ұлан</b>	+2+4 -1-3 о-б 10 м/с	+7+9 -2-4 о-б 7 м/с	+11+13 +1+3 с-б 6 м/с	+6+8 -1-3 с 8 м/с	+6+8 -3-5 о-б 8 м/с	+9+11 -3-5 ш 9 м/с	+10+12 -1-3 о-б 8 м/с
<b>Самар</b>	+4+6 +1+3 с-б 13 м/с	+6+8 -1-3 о 8 м/с	+13+15 +2+4 с 7 м/с	+12+14 +4+6 с 8 м/с	+10+12 +2+4 ш 8 м/с	+12+14 0-2 с 8 м/с	+12+14 +1+3 о 9 м/с
<b>Тарбағатай</b>	+5+7 -1-3 с-б 16 м/с	+5+7 -3-5 о-б 8 м/с	+12+14 0-2 о-б 8 м/с	+11+13 +1+3 с 8 м/с	+7+9 -1-3 с 10 м/с	+12+14 -2-4 с 10 м/с	+12+14 +1+3 о 10 м/с
<b>Катонқарағай</b>	+4+6 +1+3 о-б 12 м/с	+1+3 -2-4 с-б 8 м/с	+8+10 -3-5 о-б 10 м/с	+9+11 -1-3 о 10 м/с	+5+7 -2-4 с-б 9 м/с	+9+11 -3-5 с-б 11 м/с	+9+11 -2-4 б 11 м/с
<b>Шемонаиха</b>	+4+6 -1-3 о-б 10 м/с	+7+9 -2-4 о-б 8 м/с	+9+11 +1+3 о-б 6 м/с	+6+8 -2-4 о-б 10 м/с	+6+8 -4-6 о-б 8 м/с	+9+11 -3-5 о-б 10 м/с	+10+12 -1-3 о-б 7 м/с
<b>Риддер</b>	+2+4 -1-3 о 7 м/с	+2+4 -3-5 о-б 6 м/с	+8+10 -2-4 б 5 м/с	+9+11 -2-4 о 7 м/с	+7+9 -4-6 о 7 м/с	+10+12 -4-6 о 7 м/с	+11+13 -3-5 о 5 м/с
<b>Алтай</b>	+4+6 +1+3 с-б 6 м/с	+5+7 -4-6 о 6 м/с	+8+10 -6-8 с 5 м/с	+7+9 -4-6 ш 6 м/с	+5+7 -5-7 о 5 м/с	+8+10 -7-9 о 5 м/с	+10+12 -6-8 о 5 м/с

**Менің өлкем**

№46 (1751) 16.04.2026 ж.  
Меншік иесі  
"Шығыс жаңалықтары" ЖШС  
Директор  
Е.К Мұқажанов

Бас редактор  
Талғатжан Мұхамдиев  
Бас редактордың  
орынбасары  
Әділхан Есімханов  
Шығарушы редактор  
Қымбат Оралханқызы

Тілшілер  
Еркежан Оралғазина  
Ұлжан Сейітханова  
Әдемі Амангелді  
Дизайнер  
Еркежан Еркінбекқызы

Редакция телефоны:  
Факс, телефон: 41-21-10  
Сұрақ-жауап, жарнама,  
хабарландыру:  
8-705-594-70-70  
e-mail: Menin\_olkem@mail.ru

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, 2019 жылғы 13 ақпанда есепке қою туралы №17518-Г куәлігі берілген.  
Хаттарды мына мекенжайға жіберуге болады: 070004, Өскемен қаласы, Өуезов даңғылы, 14/1 213-кеңсе.

Түпнұсқа-макеттен - "Печатное издательство - Агентство "Рекламный Дайджест" ЖШС-нің баспаханасында басылды.  
Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20. Тапсырыс 10222  
Немірдің таралымы – 1500 дана  
Аптасына үш рет шығады